Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024/2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс әрекеттің перспективалық жоспары.

Білім беру ұйымы: С. Ешбаев орта мектебі
Шағын орталық тобы
Балалардың жасы: 4 жас ересек топ
Жоспардың құрылу кезеңі: 2024/2025 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br><br>**Дене шынықтыру** | балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;<br>дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;<br>негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;<br>дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;<br>әр түрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;<br>ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>**«Ұлттық ойын ұлт қазынасы» «Ақ серек, көк серек ойыны.»** |
| | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br><br>**Сөйлеуді дамыту** | **«Өнегелі 15 минут»**<br>ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;<br>балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу; |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| | **Көркем әдебиет** | **«Балалар кітапханасы»-жобасы** Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. |
| | **Қазақ тілі** | **«Тілім менің тірегім»** балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. |
| | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br><br>**Математика негіздері** | **Қаржылық сауаттылық** Сан, санау.<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға "нешінші?" сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, "барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету. |
| | **Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетін дамыту**<br>**Сурет салу** | **Бояулар сыры -** Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.<br>заттарды пішінін, түсін ескере отырып салады;<br>қазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетінде дұрыс орналастырады;<br>қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді таниды; |

| | | |
|---|---|---|
| | Мүсіндеу | **«Шебер қолдар, сыр шертеді»** Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеулің ерекшеліктерін білу.<br>мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды;<br>ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді;<br>мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді; |
| | Жапсыру | **Қауіпсіздік ережесі.** бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстырады;<br>Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.<br>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. |
| | Музыка | **Күй күмбірі.** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. |
| | Құрастыру | **Қауіпсіздік ережесі**. Құрылыс материалдарынан, "лего" конструкторлардан құрастыру<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. |
| | Әлеуметтік эмоцианалды дағдыларды қалыптастыру<br>Қоршаған ортамен таныстыру | **«Менің құқықтарым, менің міндеттерім»** Бала, оның отбасы, үй.<br>Баланың "Мен" бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру ("Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын"). |

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024/2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс әрекеттің перспективалық жоспары.

Білім беру ұйымы: С. Ешбаев орта мектебі
Шағын орталық тобы
Балалардың жасы: 4 жас ересек топ
Жоспардың құрылу кезеңі: 2024/2025 оқу жылы

| Айы | **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **Қазан** | **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br><br>**Дене шынықтыру** | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» -«Такия тастамақ»** табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектейді;<br>гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, еңбектейді;<br>гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелейді;<br>алға ұмтылып, ұзындыққа қос аяқпен секіреді;<br>доптарды домалатады, заттарды қашықтыққа лақтырады, доптарды кедергілер арқылы лақтырады және қағып алады;<br>екеуден, үшеуден қатарға қайта тұрады; |
| | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br>**Сөйлеуді дамыту** | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады;<br>ақырын, жылдам сөйлейді; |
| | **Көркем әдебиет** | **Жас тыңдарман» жобасы.** төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын біледі;<br>төрт түліктің төлдерін дауыстап шақыра алады;<br>өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айтады;<br>жұмбақтардың жауабын табады; |

| | | |
|---|---|---|
| | Қазақ тілі | **Тілге бойлау»** түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіреді және дәлелдейді;<br>қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады;<br>туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді біледі;<br>өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтады; |
| | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br>**Математика негіздері** | **Қаржылық сауаттылық Шама.**<br>заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша)салыстыру<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br><br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.<br>өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. |
| | **Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетін дамыту**<br>**Сурет салу** | **Бояулар сыры** әр түрлі пішіндегі( ыдыстарды, ойыншықтарды) бейнелеу.<br>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | **Мүсіндеу** | **«Шебер қолдар, сыр шертеді»** Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). |

| | |
|---|---|
| **Жапсыру** | **Қауіпсіздік ережесі** Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Қазақ халқының ұлттық<br>ыдыс-аяқтарымен таныстыру. |
| **Құрастыру** | **«Қамқор» жобасы.** Құрылыс материалдарынан құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша және ойдан құрастыру |
| **Музыка** | **«Күй күмбірі» Музыка тыңдау**<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;<br>Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды үйрету;<br>ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдауды дамыту.<br>**Ән айту.**<br>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуды жетілдіру. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру;<br>әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау;<br>**Балалармузыкалықаспаптарындаойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспап сылдырмақпен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Әлеуметтік эмоциональды дағдыларды қалыптастыру** | **Еңбегі адал жас өрен: Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Балалар өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелері туралы әңгімелеуге үйрету.<br>**Заттық әлем.** Балаларға ойыншықтар, ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдануға үйрету.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге ,аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор) аудару<br>**Менің Отаным–Қазақстан.**<br>. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбіреулерін 2-3 түрін тану және атау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыруды жетілдіру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау(суық,жылы,ыстық),табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді игерту.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау, саңырауқұлақтармен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу дағдыларын қалыптастыру |

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024/2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс әрекеттің перспективалық жоспары.

Білім беру ұйымы: С. Ешбаев орта мектебі
Шағын орталық тобы
Балалардың жасы: 4 жас ересек топ
Жоспардың құрылу кезеңі: 2024/2025 оқу жылы

| **Айы** | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қараша** | **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br><br>**Дене шынықтыру** | **«Ұлттық ойын ұлт қазынасы» «ханталапай»** табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектейді;<br>гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, еңбектейді;<br>гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелейді;<br>алға ұмтылып, ұзындыққа қос аяқпен секіреді;<br>доптарды домалатады, заттарды қашықтыққа лақтырады, доптарды кедергілер арқылы лақтырады және қағып алады; |
| | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br><br>**Сөйлеуді дамыту** | **«балалар кітапханасы»** жобасы балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;<br>баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;<br>балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну; |

| | | |
|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет** | **«Тілім менің тірегім»** әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін бағалай алады;<br>шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды;<br>тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады;<br>ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастырады;<br>кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарап, ертегі, әңгіме құрастырады;<br>дауыс күшін өзгерте отырып, әртүрлі интонацияларды жаңғыртады; |
| | **Қазақ тілі** | **Еңбегі адал жас өрен:** төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын біледі;<br>төрт түліктің төлдерін дауыстап шақыра алады;<br>өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айтады;<br>жұмбақтардың жауабын табады;<br>шешендік өнерге, айтыс өнеріне қызығушылық танытады; |
| | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br><br>**Математика негіздері** | **«Қаржылық сауаттылық»** "бүгін", "кеше", "ертең" ұғымдарын ажыратады;<br>кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды;<br>берілген бағытта қозғалады;<br>қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатады. |
| | **Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетін дамыту**<br>**Сурет салу** | **Өнерліміз, өркенбіз»** Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. |
| | **Мүсіндеу** | **«ертегіні тыңдаймыз »**Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. |
| | **Жапсыру** | **«Шебер қолдар, сыр шертеді»** Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Музыка** | **«Күй күмбірі»** Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.<br>Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.<br>Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. |
| | **Құрастыру** | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | **Әлеуметтік эмоцианалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру** | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. |

...дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024/2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс әрекеттің перспективалық жоспары.

Білім беру ұйымы: С. Ешбаев орта мектебі
Шағын орталық тобы
Балалардың жасы: 4 жас ересек топ
Жоспардың құрылу кезеңі: 2024/2025 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Желтоқсан | **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br><br>**Дене шынықтыру** | **Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:** бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>**Спорттық жаттығулар.** Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау.<br>**Қимылды ойындар.** Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.** Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту.<br>**«Ұлттық ойын ұлт қазынасы» «Түйілген орамал»** |
| | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br><br>**Сөйлеуді дамыту** | **«Балалар кітапханасы» жобасы. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br>**Сөздік қор**. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір) |

| | |
|---|---|
| | **Байланыстырып сөйлеу**. түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға үйрету. |
| **Көркем әдебиет** | **«Әжемнің ертегілері»** түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға үйрету. |
| **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта**. сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануды үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Қазақ тіліне тән қ, ү, ұ  дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.** Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. |
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br>**Математика негіздері** | **«қаржылық сауаттылық »Жиын**. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру.<br>**Сан,санау.** Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>**Шама**. салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңішке сын есімдермен белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар**. сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>**Кеңістікті бағдарлау**. заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау**. олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |

| | |
|---|---|
| **Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетін дамыту Сурет салу** | **«Өнерліміз өркенбіз»** Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. |
| **Мүсіндеу** | **«Еңбегі адал жас өрен»** Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. |
| **Жапсыру** | **«Өнерліміз, өркенбіз»** Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді қиюда колдану. |
| **Музыка** | **«Күй күмбірі** »Билер.<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.<br>Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. "Қамажай" биін үйрету. |
| **Құрастыру** | Smart bala жобасы Қағаздан құрастыру.<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, "оригами" үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. |
| **Әлеуметтік эмоцианалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру** | **«Еңбегі адал жас өрен»** Менің Отаным – Қазақстан Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу.<br>Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы, республикадағы калалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. |

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024/2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс әрекеттің перспективалық жоспары.

Білім беру ұйымы: С. Ешбаев орта мектебі
Шағын орталық тобы
Балалардың жасы: 4 жас ересек топ
Жоспардың құрылу кезеңі: 2024/2025 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қаңтар** | **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br><br>**Дене шынықтыру** | **Еңбегі адал жас өрен-** Тазалықты, гигиеналық дағдыларды сақтаудың қажеттілігін түсіндіру доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен қимылды ойындарды ойнайды;<br>өз бетінше ойнайды және спорттық ойындардың ережелерін сақтайды;<br>жеке гигиенаның бастапқы дағдыларын сақтайды;<br>өзінің сыртқы келбетін өз бетінше реттейді;<br>салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерге ие;<br>өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсінеді;<br>дене белсенділігі мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы біледі;<br>адамның өмірі мен денсаулығы үшін дене шынықтырудың маңыздылығын түсінеді. |
| | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br><br>**Сөйлеуді дамыту** | **Тілім менің тірегім** Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br>Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет** | **«Өнегелі 15 минут»** . Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. |
| | **Қазақ тілі** | **«Жас тыңдарман** »Тілдік дамытушы орта.<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. |
| | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br>**Математика негіздері** | **«Дүкен»** Уақытты бағдарлау.<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, "бүгін", "кеше", "ертең" туралы ұғымдарын кеңейту. |
| | **Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетін дамыту**<br>**Сурет салу** | **«Бояулар сыры»** Балаларды суреттерді қылқаламмен, каламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. |
| | **Мүсіндеу** | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы.** Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| | **Жапсыру** | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы.** Элементтердің ретін, олардың арасындағы аракашыктықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.<br>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.<br>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | **Музыка** | **«Күй күмбірі»** Ән айту.<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). |
| | **Құрастыру** | Қағаздан құрастыру.<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, "оригами" үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. |
| | **Әлеуметтік эмоцианалды дағдыларды қалыптастыру**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | **«Жол сақшысы»** Жолда жүру ережелері.<br>Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, "Жаяу жүргінші өткелі", "Қоғамдық көлік аялдамасы" жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту.<br><br>**Қауіпсіздік ережесі.** Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, |

| | |
|---|---|
| | ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету. |

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024/2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс әрекеттің перспективалық жоспары.

Білім беру ұйымы: С. Ешбаев орта мектебі
Шағын орталық тобы
Балалардың жасы: 4 жас ересек топ
Жоспардың құрылу кезеңі: 2024/2025 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
